

ӘОК 336.717.6

Құдайбергенов Нурадин Айыпұлы – аға оқытушы (Алматы, Тұрар Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті)

КӘСІПОРЫНДАҒЫ ІШКІ БАҚЫЛАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ОНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Бүгінгі таңда еліміздің нарықтық экономикалық жолмен алға қарай қадам басқан уақытында кәсіпорындардың шаруашылық және қаржылық қызметін ұйымдастырудағы тәуелсіздігі артып, жоғары тұрған органдар функциясы күрт өзгеріп олардың ұйымдарға, яғни олардың қаржылық-шаруашылық қызметіне араласуы іс жүзінде тоқтатылды. Әр түрлі меншіктегі кәсіпорындардың, ұйымдық-құқықтық нысандардың пайда болуы, бір жағынан, ұйымдар арасында бәсекелестік нығайып, оның нәтижесі өнім өндірісі мен оның сапасының жоғарылауына септігін тигізсе, екінші жағынан осы ұйымдардың кәсіпкерлік тәуекелділігін жоғарылата түсірді. Өндіріс тиімділігін арттыру, нарықтық экономика жағдайында оны монополияландырмау, бөлу, айырбастау мен тұтынуды жетілдіру тауар-ақша қатынастарының олардың жаңа мазмұнына сәйкес пайдаланылуына толық бақылау жасалынбай мүмкін болмайды. Жұмыстың саны мен сапасына бақылауды күшейту, экономикалық тетіктер мен ынталандырудың мүмкіндіктерін қолдану қажет болады. Ұйымның кәсіпкерлік тәуекелділігі өндірістік күштер мен өнім технологиясына және оның сапасына, өндірістік шығындар мен еңбек өнімділігінің деңгейіне, өндірістік өнімге деген нарықтағы ұсыныс пен сұранысқа, ұйымның қаржылық жағдайы мен елдің салық саясатына және басқа көптеген факторларға байланысты болады.

Ішкі бақылау жүйесі барлық ұйымдарда ұйымдастырылады. Бірақ, кейбір ұйымдарда ол тиімді қызмет істесе, ал басқаларында тиімсіз әсер етеді. Бір кәсіпорында ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыруды және қолдауды оның басшылығы саналы түрде жүргізсе, ал кейбір ұйымдарда ішкі бақылау жүйесі басшылықтың еркі мен мақсатты әрекетіне тәуелсіз қалыптасады.

Ұйымдардың ішкі бақылау жүйесіне көптеген отандық және шетелдік ғалымдар мен тәжірибешілер өздерінің тұжырымдамаларын берген болатын. Солардың ішінде Л.В. Сотникованың пікірі бойынша «Ішкі бақылау дегеніміз бұл шаруашылық операцияларды жүргізу кезінде барлық қызметкерлер өз міндеттерін тиімді орындау мақсатында ұйымдастырылған ұйым басшылығының іске асыратын шаралар жүйесі. Сондықтан ішкі бақылау осы операциялардың заңдылығын және кәсіпорын үшін олардың экономикалық пайдалылығын анықтайды» [1].

Біздің ойымызша, ұйымның ішкі бақылау жүйесі шаруашылық қызметтерде пайда болған ауытқуларды, кемшіліктерді болдырмау және олардың болашақта пайда болуына жол бермеу үшін басқару шешімін қабылдауға және қабылданған шешімнің орындалуына ықпал ету құралы. Сондықтан, ұйым қызметіндегі бақылау тиімділігінің қаншалықты екенін анықтау мүмкін болмағанымен, кемшіліктерді жоюдың нәтижесінде өндіріс көрсеткіштерінің артуын анықтауға толық мүмкіндіктер қалыптасады. Бүгінгі күні ұйымның басшылары мен мамандары өнім өндірісінің рентабельділік деңгейін жоғарылатуға және қызметтің барлық түрлерінің тиімділігін арттыруға мүдделі болуы керек. Бұл өндірістің технологиялық процестерін ғана емес, сонымен қатар кәсіпкерліктің экономикалық субъектілерін және олардың әртүрлі сегменттеріне қатысты басқару жүйесінің барлық қызметтерін жетілдіруді талап етеді [2]. Сондықтан, біздің ойымызша ұйым қызметінің барлық түрлерінің табысты қызмет істеуін, өнім өндіруді және оның өзіндік құнын төмендетуді, шаруашылық механизмі мен қызметтің барлық буындарының

басқару механизмін жетілдіруді қамтамасыз үшін күнделікті ішкі шаруашылық бақылау қажет деп санаймыз.

Кез-келген саладағы өндірісті тиімді басқару және ондағы кездесетін қандай да бір қарама-қайшылықтардың алдын алу үшін шұжық өнімдерін өндіретін ұйымдарда шаруашылық операцияларына жедел бақылау жүргізу өте маңызды болып саналады, себебі жалпы өндірістік процестерге қажетті ақшалай ресурстар мен материалдардың мақсатына қарай жұмсалуды кәсіпорынның экономикалық өсуіне және тұрақтануына кепіл бола алады.

Экономикалық ақпараттар үздіксіз және уақытылы жеткізілетін жағдайда ғана оның өндірісті басқарудағы маңыздылығы жоғарылай түседі. Сонымен бірге бақылау субъектілері нақты бақылау жұмыстарын жүзеге асырса, ал құрылымдық бөлімшелердің басшылары шығын нормаларының сақталуына жауап беріп және өндіріс шығындарының мақсатына сәйкес жұмсалуды есептеп, әрі бақылап отырса ішкі шаруашылық бақылаудың тиімділігі мен маңыздылығы арта түседі [3].

Ішкі бақылау кәсіпорындармен олардың атқаратын қызметтерін анықтап алмас бұрын алдымен олардың мақсаттарын айқындап алған жөн. Кәсіпорындарда ұйымдастырылған ішкі шаруашылық бақылау жүйесі алға қойған мақсаттарын орындаса, онда ол ұйым үшін сенімді, әрі тиімді болып саналады. Сонымен ұйымдардың бухгалтерлік есеп жүйесінде көрсетілетін ақпараттардың сенімділігі әрі толықтылығы, шаруашылық операцияларының ұйымның ішкі саясатына, заңдары мен бағдарламасына сәйкестігі, ұйымның барлық мүліктерінің сақталуы, ақша қаражаттар мен материалдардың мақсатқа сай, әрі тиімді пайдаланылуы, жалпы ұйымның және оның құрылымдық бөлімшелерінің алға қойған жоспарларының орындалуы және олардың қаржылық жағдайларының тұрақтылығы мен тиімділігі ішкі бақылау жүйесінің негізгі мақсаттары болып табылады. Бақылау ұйымның өткен қаржылық-шаруашылық қызметінде орын алған қателіктерді, ауытқуларды, кемшіліктерді жоюға бағытталған. Ұйымның қызметінде пайда болған кемшіліктерді болдырмау және оларға жол бермеу үшін басқару шешімін қабылдауға және қабылданған шешімнің орындалуына ықпал ету құралы. Демек, дұрыс ұйымдастырылған бақылау ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін жақсартуды және басқару жүйесін үнемі жетілдіруді, қабылданған шешімдердің тиімділігін арттыруды көздейді. Бақылау басқару үрдісінде маңызды орын алады. Біріншіден, ол адамдардың тәртібіне, жауапкершілік орталықтарындағы жұмыстардың сапалы орындалуына әсер етіп, осы орталықтардағы тұлғалардың жауапкершілігін арттырады. Екіншіден, қойылған міндеттердің уақытылы және дәйекті орындалуына ықпал етеді. Үшіншіден, өндіріс үрдісінде қандайда бір тәртіп бұзушылық туралы ұйымның басшысының, мамандарының жеке қызметкерлерінің ақпарат алуына мүмкіндік береді. Нәтижесінде, басқарудың жедел араласуы мамандардың дербестігін жоғарылата түседі. Ішкі бақылау жүйесі алдын ала, ағымдағы және кейінгі болып үш кезеңнен тұрады.

Алдын ала бақылау күнделікті шаруашылық операциялары орындалғанға дейін жоспар және бюджет жасау, келісім шарттарға отыру және өкім құжаттарын рәсімдеу үрдісінде жүзеге асырылады. Мұндай бақылаудың мақсаты - материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының жұмсалуды ережелерінің бұзылмауын және лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттерін болдырмау және ескерту. Алдын ала бақылауда лауазымды тұлғалар маңызды орын атқарады.

Ағымдағы бақылау күнделікті жедел және бухгалтерлік есеп мәліметтерінің негізінде өндіріс барысында жүзеге асырылады. Оның мақсаты – жоспардың, өндірістік тапсырманың орындалуын және шығын нормаларының сақталуын, жүйелі бақылауды жүзеге асыру. Ағымдағы бақылау өндірістік тапсырмаларды орындауда жіберілген теріс ауытқуларды дер кезінде анықтауға, олардың себептерін талдауға және кемшіліктерді жою шараларын қабылдауға, болашақта болдырмауға мүмкіндік береді.

Кейінгі бақылау шаруашылық қызметін талдауға байланысты бақылаудың ең толық түрі болып табылады. Ол бастапқы құжаттарда және есеп регистрлерінде операциялардың жасалғанынан кейін тіркелген мәліметтердің негізінде жүзеге асырылады. Мұндай бақылаудың мақсаты шаруашылық операцияларының дұрыстығын және заңдылығын, жіберілген кемшіліктерді, бұрмалаушылықтарды анықтау болып табылады. Кейінгі бақылау барлық өндірістік және экономикалық көрсеткіштерді болашақта жақсарту үшін пайдаланылмаған шаруашылық резервтерін іздестіруге және жұмылдыруға жағдай жасайды.

Жоғарыда айтылған бақылаудың үш түрі де өзара байланыста болғандықтан оларды жүзеге асыру ұйымға ойдағыдай басшылық жасаудың міндетті талаптары болып табылады.

Бақылау қызметтерін орындау үшін қажетті қаражаттар болмаған жағдайда бақылау субъектілеріне оларды орындау үшін нұсқау беруге болмайды. Сонымен бірге қандай да бір қызметтермен байланыспайтын қаражаттар болмауы керек. Ішкі аудит кәсіпорындардың міндеттерін анықтау кезінде құқықтар мен мүмкіндіктердің қажетті көлемі берілуі тиіс. Ішкі бақылау қызметін басқарудың шеңберіндегі басқа да элементтермен өзара әрекетте қарастыру қажет. Бақылаумен байланысты міндеттерді шешу барысында әр түрлі функционалды бағыттар бойынша қызметкерлердің өзара әрекеті үшін қажетті жағдайлар жасалуы тиіс. Объектілердің салыстырмалы тар шеңберінде бақылауды топтастырып, жалпы тиімділікке қол жеткізуге болмайды, сондықтан әртүрлі типтегі объектілер барабар бақылаумен қамтылуы қажет.

Әрбір кәсіпорынның бақылау қызметтерінің сапалылығы ішкі бақылаудың басқа ұйымдармен тексеріліп және оларды жүзеге асыру барысында бірін бірі қайталамау қажет. Басқарма, басқарма төрағасы, коммерциялық директор, бас бухгалтер, бас аудитор және тағы да басқалардың бақылау қызметтерінің дұрыс орындалуына ең алдымен қоғам құрылтайшылары қызығушылық танытады, сондықтан жоғарыда аталған субъектілердің қызметтері құрылтайшылардың жалпы жиналысымен бақылануы қажет деп есептейміз.

Өнімдерді өндіру кезінде негізгі міндеттердің бірі олардың өндірісін бақылау болып табылады. Сондықтан, өндірісті бақылау технологиялық процестің дұрыс жүргізілуін қадағалаудың және қажет болған жағдайда оны түзетудің негізгі құралы болып саналады. Сонымен қатар өндірістік бақылаудың мәліметтері ысыраптардың алдын алу шараларын қабылдауда негіз болып саналады. Өндірісте тұрақты және дұрыс ұйымдастырылған бақылау жүйесі дайын өнім сапасын қадағалауға және жоғары сапалы өнімді шығаруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Ішкі бақылауды жүзеге асыру кезінде ішкі аудитпен салыстырғанда бақылау объектісі болып өндірістік ресурстар мен өндірістік, технологиялық процестердің өзі емес, өндірістік ресурстардың пайдалану тиімділігі мен сақталуын қамтамасыз ететін жауапты қызметкерлердің қызметтері табылады [4]. Сондықтан өздерінің әрекеттері немесе әрекеттенбеуінен өнім өндірісінің технологиялық процесін сақтамай ұйымға зиян келтірген немесе өндірілетін өнім сапасының нашарлауына тікелей әсер еткен нақты тұлғалар жауап беруі керек. Ішкі бақылау қызметі, оны құру тәртібі және өкілеттіліктер туралы мәліметтер тиісті ережелер арқылы тіркеліп, ал ішкі бақылау қызметкерлерінің міндеттері мен олардың біліктілік деңгейі лауазымдық нұсқауларда көрсетілуі қажет.

Ұйым басшыларының қабылдаған шешімдерінің, жоғары тұрған органдарының өкімдері және нұсқаулары кейбір жағдайларда үйлеспей жататын кездері де болуы мүмкін. Сондықтан, ішкі шаруашылық бақылауды жүзеге асырған кезде олардың заңдылығы мен орындылығы тұрғысынан алып қарағанда мұқият тексеруге жатады. Бақылаудың объектісі – тексеруге жататын нысандар болса, субъектісі-лауазымды тұлғалар, қызметтер және материалдық-жауапты тұлғалар. Ішкі бақылау қызметінің жетекшісі ұйымның басшысымен немесе жалпы қабылданған тәртіппен (лауазымдық

нұсқауға сай) қызметке тағайындалады және босатылады. Ішкі бақылау жүйесі адалдық, лауазымдық қызығушылық және басқарудағы лауазымды адамдардың қатысуынсыз тиімді қызмет ете алмайды. Ішкі шаруашылық бақылау жүйесінің тиімділігін анықтау кезінде ішкі бақылау жоспары қаншалықты дәлелді және барлық уақытта нақты орындалатынын, бұл кезде қандай бақылау процедурасын пайдаланудың қажет екенін және олардың тиімділігін, сондай-ақ ішкі шаруашылық бақылау нәтижелерінің сенімділігін бағалау өте маңызды болып табылады. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін ішкі бақылау қызметімен дайындалған әдістер мен тәсілдерді, процедураларды пайдалануға болады. Ұйымдарда ішкі бақылау бөлімі басқарушылық бақылаудың жалпы жүйесінің бөлінбес бөлігі ретінде қарастырылуы мүмкін және іске асыру үшін кәсіпорында арнаулы бөлімше ретінде ішкі аудит қызметін ұйымдастырады. Бұл бөлімнің қызметі құпиялық сипаттағы ішкі аудит қызметінің басшысы мен ұйым басшысы бекіткен арнаулы бағдарлама бойынша жүргізіледі. Ішкі аудит қызметін құрудың мақсаты - өндіріске жұмсалатын шығынды азайта отырып, пайданы жоғарылату болып саналады. Ішкі бақылаудың сенімді жүйесі кездейсоқ пайда болмайды. Оның пайда болуына бірқатар себептер әсер етеді, оның ішінде:

- басқару сапасы, яғни басшылықтың жұмысты тиімді жоспарлау мен бақылау қабілеті;
- қызметкерлердің біліктілігі және оның лауазымдық нұсқауларды дұрыс орындау қабілеті;
- міндеттерді бөлу және алмастыру үшін жағдай тудыратын еңбек ресурстарының болуы.

Жоғарыда аталған факторлардың барлығы өзара байланысты, сондықтан, ішкі бақылаудың сенімді жүйесіне қызығушылық білдірген әкімшілік білікті қызметкерлер жалдауға ұмтылып, жоспарлау мен бақылау қажеттілігін мойындайды және алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз етеді. Ұйымды басқару мен дамыту уақытын тиімді, әрі ұтымды пайдалануға ұмтылған әкімшілік жауапкершіліктің негізгі бөлігін ішкі аудитке жүктейді. Ішкі бақылау қызметі осындай жауапкершілікті қабылдауға дайын. Сонымен аталған факторлар басқару сапасын анықтайды.

Ұйымның ішкі бақылау жүйесі осы ұйымның шаруашылық қызметтерін тиімді басқару мақсатында әртүрлі бақылау әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы болып табылады. Соған орай, біз кәсіпорындағы ішкі бақылау жүйесінің негізгі міндеттеріне мыналарды жатқызуды жөн көріп отырмыз:

- ұйымның қызметіне байланысты заңдардың орындалуын тексеру;
- бухгалтерлік есеп құжаттарының дәйектілігі мен толықтылығын тексеру;
- нақты мәліметтерді ұйымның негізгі бюджетінде көрсетілген мәліметтермен салыстыру;
- ауытқуды бағалау және оның бақылау объектісіне әсер ету деңгейін және себептерін анықтау;
- қаржылық есептердің уақытылы тапсырылуын тексеру;
- құрылтайшылар жиналысындағы шешімдердің орындалуын тексеру;
- ұйымның мүліктерінің сақталуын қамтамасыз ету.

Сондықтан ұйымдардағы ішкі шаруашылық бақылау өндіріс тиімділігін жоғарылатуға, ішкі резервтерді арттыруға, үнемдеуді күшейтуге, еңбек өнімділігін жоғарылатуға, саладағы өнімдердің өзіндік құндарын төмендетуге, қаржылық, материалдық және еңбек ресурстарын тиімді пайдалануды жақсартуға, өндірісші шығындарды болдырмауға, меншіктің сақталуын қамтамасыз етуге, сонымен қатар өндіріс процесіндегі қарама - қайшылықтардың алдын алуға бағытталуы тиіс. Өндірісті жоспарлау кезеңінде басқарушылық шешімдердің мүмкін баламаларының сапалылығы

бағаланып және ұйымның мақсаттарына жету үшін олардың жалпы бағадарламаларға сәйкестігі анықталады. Басқарушылық шешімдерді ұйымдастыру және реттеу кезеңінде мақсатты нәтижелерге қол жеткізу үшін олардың орындалуын бақылау қажет. Қазіргі жағдайда ұйымның алдында өндірістік ресурстарды тиімді пайдалануды, мемлекет алдындағы салықтар мен басқа міндетті төлемдер бойынша міндеттемелердің уақытылы және толық орындалуын, жеткізушілер мен мердігерлерге борыштардың уақытылы өтелуін, сонымен бірге бухгалтерлік есеп пен есептемені дұрыс ұйымдастыруды және оның нақтылығын күнделікті бақылау қажеттігі туындап отыр [5]. Сондықтан ішкі бақылау жүйесінің негізгі міндеті ұйымның қаржылық, шаруашылық қызметтерінің нәтижесін тексеріп қана қоймай, сонымен қатар ұйымдастыру және басқару қызметтерінің сапалылығын бақылай отырып, оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу болып саналады. Жалпы алғанда ішкі бақылаудың көмегімен өндіріс қызметінің жоспар мен бағдарламаларға сәйкес жүзеге асырылуын, сонымен бірге ұйымның әкімшілік тәртіптерінің орындалуын тексеруге және ұйымның барлық қаржылық және материалдық ресурстарының дұрыс пайдалануын қамтамасыз етуге болады.

ӘДЕБИЕТ

1. Шеремет А.Д., Суйц В.П. Аудит. – М.: ИНФРА-М, 2000. – 352 с.
2. Дюсембаев К.Ш., Егембердиева С.К., Дюсембаева З.К. Аудит и анализ финансовой отчетности. – Алматы: «Қаржы-қаражат», 1998. – 512 с.
3. Ажибаева З.Н. Аудит. – Алматы: Экономика. 2004. – 527 с.
4. Сейдахметова Ф.С. Учет, аудит и анализ в информационных системах маркетинга (теория и методология): Монография.- Алмаиы, 1997.-239 с.
5. Ержанов М.С., Даулетбаков Г.Б. и др. Аудит. – Алматы: Бастау, 2005. – 282 с.

УДК 336.153.2

Закирьянов Бауржан Кайратович – докторант программы PhD (Алматы, КазЭУ)

ПРАВОВЫЕ РАМКИ МЕНЕДЖМЕНТА ДОЛГА

Внутренний фактор эффективности, согласно названию, взаимосвязан с внутренними условиями общественного сектора. Речь идет о факторах, которые могут быть использованы для повышения производительности общественного сектора. С другой стороны, пренебрежение ими может привести к неэффективности и растрате общественных ресурсов. Первым внутренним фактором является использование достижений науки и техники при осуществлении деятельности общественного сектора. Результаты науки вносят ряд методов и действий, которые могут привести к более эффективному использованию общественных финансовых средств. Благодаря этому многие научные исследования в настоящее время сосредоточены на общественном секторе, соответственно, общественном управлении. Техника, в частности, развитие информационных и коммуникационных технологий играет важнейшую роль в общественном секторе. Развитие интернета и программного обеспечения, облегчило не только управление, но и контроль над деятельностью общественного сектора. В связи с использованием этих технологий, возникли термины, как электронное правительство (e-Government) и электронная демократия (e-Democracy), которая распространяется на внутренние и внешние отношения в области государственного управления. Благодаря информационным технологиям, можно достичь развития финансовых рынков и рынков капитала, повышения экономических показателей. Прогнозные показатели и различные